

Жұмысқа қабылдау үшін ең төменгі жас туралы конвенцияны бекіту туралы

Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 14 желтоқсандағы N 116-II Заңы

Женевада 1973 жылғы 26 маусымда Халықаралық еңбек ұйымы Бас конференциясының 58-сессиясы қабылдаған Жұмысқа қабылдау үшін ең төменгі жас туралы конвенция (138-конвенция) бекітілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Президенті Н. Назарбаев

Жұмысқа қабылдау үшін ең төменгі жас туралы

(2002 жылғы 18 мамырда күшіне енді - ҚР СИМ-нің ресми сайты)

Женевада Халықаралық Еңбек Бюросының Әкімшілік Кеңесі шақырған және 1973 жылғы 6 маусымда өзінің елу сегізінші сессиясына жиналған, Халықаралық Еңбек Ұйымының Бас Конференциясы сессияның күн тәртібінің төртінші тармағы болып табылатын жұмысқа қабылдау үшін ең төменгі жас туралы бір қатар ұсыныстар қабылдауға қаулы ете отырып, Өнеркәсіптегі ең төменгі жас туралы 1919 жылғы конвенция, Теңізде жұмыс істеу үшін ең төменгі жас туралы 1920 жылғы конвенция, ауыл шаруашылығындағы ең төменгі жас туралы 1921 жылғы Конвенция, Флоттағы көмір тиеушілер мен от жағушылар үшін ең төменгі жас туралы 1921 жылғы конвенция, Өнеркәсіптік емес жұмыстарға ең төменгі жас туралы 1932 жылғы конвенция, Теңізде жұмыс істеу үшін ең төменгі жас туралы 1936 жылғы Конвенция (қайта қаралған), Өнеркәсіптегі ең төменгі жас туралы 1937 жылғы конвенция (қайта қаралған), Өнеркәсіптік емес жұмыстарға ең төменгі жас туралы 1937 жылғы конвенция (қайта қаралған), Балықшылардың ең төменгі жасы туралы 1959 жылғы конвенция және Жерасты жұмыстарына жіберілетін ең төменгі жас туралы 1965 жылғы конвенция ережелерін
н а з а р ғ а а л а о т ы р ы п ,

осы мәселе бойынша бала еңбегін толық жою мақсатымен шектелген экономикалық секторларға қолданылатын қазіргі актілерді біртіндеп ауыстыра алатын жалпы актіні әзірлеу уақыты келді деп есептей отырып,

осы ұсыныстарға халықаралық конвенция нысанын беруді шеше отырып, бір мың тоғыз жүз жетпіс үшінші жылғы маусым айының жиырма алтыншы күні Ең төменгі жас туралы 1973 жылғы конвенция болып аталатын төмендегі Конвенцияны қабылдады:

1-бап

Осы Конвенцияны күшінде деп танитын Ұйымның әрбір Мүшесі бала еңбегін тиімді жоюды және жеткіншектердің дене және ақыл-ой сезімінің толық дамуына сәйкес дәрежеге дейін жұмысқа қабылданатын ең төменгі жасты біртіндеп көтеруді қамтамасыз ету мақсатымен ұлттық саясатты іске асыруды міндеттенеді.

2-бап

1. Осы Конвенцияны бекітетін Ұйымның әрбір Мүшесі, бекіту туралы құжатқа қоса берілетін өтінішінде, өз аумағы шегінде және өзінің аумағында тіркелген көлік құралдарында жұмысқа қабылдау үшін ең төменгі жасты көрсетеді; осы Конвенцияның 4-8 баптарының ережелерін сақтау шарты бойынша осы жасқа жетпеген бірде-бір жеткіншек жалдамалы жұмысқа немесе кез-келген кәсіп бойынша басқа да жұмысқа жіберілмейді.

2. Осы Конвенцияны бекіткен Ұйымның әрбір Мүшесі, кейіннен, қосымша өтініштер арқылы ең төменгі жасты бұрынғы белгіленген жастан жоғарырақ етіп белгілейтіні туралы Халықаралық Еңбек Бюросының Бас Директорын хабардар ете алады.

3. Осы баптың 1-тармағы негізінде белгіленетін ең төменгі жас міндетті орта білімді аяқтайтын жастан төмен болмауы тиіс және қандай жағдайда болса да он бес жастан төмен болмауы керек.

4. Осы баптың 3-параграфының ережелеріне қарамастан, экономикасы мен білім жүйесі жеткілікті дамымаған Ұйым Мүшесі кәсіпкерлердің және еңбекшілердің мүдделі ұйымдарымен, ондайлар бар болса, кеңескеннен кейін он төрт жасты ең төменгі деп бастапқыда бекіте алады.

5. Алдағы тармақтың ережелеріне сәйкес он төрт жасты ең төменгі деп белгілеген Ұйымның әрбір Мүшесі Халықаралық Еңбек Ұйымы Жарғысының 22-бабына сәйкес осы Конвенцияны орындау туралы өзінің есеп беруіне:

- а) осындай шешімді қабылдауға мәжбүр еткен себептер өзгермеді деп; немесе
- б) белгілі бір күннен бастап өзінің төмендегі ережелермен пайдалану құқығынан бас тартатыны туралы өтініш енгізеді.

3-бап

1. Жал бойынша жұмыстың немесе өзінің сипаты бойынша немесе оны жүзеге асыратын мән-жайлардың күшіне қарай жеткіншектің денсаулығына, қауіпсіздігіне немесе адамгершілігіне зиян келтіре алатын басқа жұмыстың кез-келген түріне қабылдау үшін ең төменгі жас он сегіз жастан төмен болмауы тиіс.

2. Осы баптың 1-тармағы қолданылатын жал бойынша жұмыстың немесе басқа

жұмыстың түрлерін ұлттық заңдар немесе ережелер, немесе кәсіпкерлердің және еңбекшілердің тиісті ұйымдарымен, ондайлар бар болса, кеңескеннен кейін құзыретті өкімет органдары белгілейді.

3. Осы баптың 1-тармағына қарамастан, ұлттық заңнамалар немесе ережелер, немесе құзыретті өкімет органдары кәсіпкерлердің және еңбекшілердің мүдделі ұйымдарымен, ондайлар бар болса, кеңескеннен кейін, он алтыдан жас емес адамдарға жал бойынша жұмысты немесе жұмыстың басқа да түрін, осы жеткіншектердің денсаулығы, қауіпсіздігі және адамгершілігі толық қорғалған және осы жеткіншектер тиісті қызмет саласы бойынша жеткілікті арнайы білім алған, не кәсіби даярлаудан өткен жағдайда рұқсат ете алады.

4-бап

1. Құзыретті өкімет органы қажеттілігіне қарай кәсіпкерлердің және еңбекшілердің тиісті ұйымдарымен, ондайлар бар болса, кеңескеннен кейін осы Конвенцияны қолдану аясынан, жал бойынша жұмыстың не басқа да жұмыстың, қолданылуына байланысты соларға қатысты ерекше және елеулі мәселелер пайда болатын, шектелген санаттарын алып тастауы мүмкін.

2. Осы Конвенцияны бекітетін Ұйымның әр Мүшесі Халықаралық Еңбек Ұйымы Жарғысының 22-бабына сәйкес берілетін Конвенцияны қолдану туралы өзінің бірінші баяндамасында осы баптың 1-тармағына сәйкес алынып тасталуы мүмкін барлық санаттарды, ондай алынып тастаудың себептерін көрсете отырып, тізіп айтып береді және келесі баяндамаларда өз заңнамаларының ережесі және осындай алынып тасталған санаттарға байланысты практикасы туралы және осындай санаттарға қатысты Конвенция ережелері қандай дәрежеде қолданылып немесе қолданылуы көзделіп жатқаны туралы хабарлайды.

3. Осы Конвенцияның 3-бабымен қамтылатын жал бойынша жұмыс немесе басқа да жұмыс осы баптың күшіне қарай Конвенцияның қолдану аясынан алынып тасталмайды.

5-бап

1. Экономикасы мен әкімшілік аппараты жеткілікті дамымаған Ұйым Мүшесі кәсіпкерлердің және еңбекшілердің тиісті ұйымдарымен, ондайлар бар болса, кеңескеннен кейін бастапқыда осы Конвенцияның қолдану аясын шектеуі мүмкін.

2. Осы баптың 1-тармағының ережелерін қолданатын Ұйымның әрбір Мүшесі бекіту туралы құжатқа қоса берілетін өтініште осы Конвенция ережелерін қолданатын экономика қызметінің салаларын және кәсіпорын түрлерін атап көрсетеді.

3. Конвенция ережелері жоқ дегенде: өңдеу өнеркәсібінің шахтадағы және карьердегі; құрылыстағы; электрмен, газбен және сумен қамтамасыз ету

қызметтеріндегі; санитарлық-техникалық қызметіндегі; көліктердегі, қоймалардағы және байланыс қызметтеріндегі; сондай-ақ негізінен коммерциялық мақсаттарға өнім өндіретін плантацияларда және ауыл шаруашылық кәсіпорындарындағы жұмыстарға, бірақ жергілікті тұтыну өнімдерін өндіретін және жалдамалы еңбекшілерді тұрақты пайдаланбайтын отбасылық және шағын шаруашылықтарды қоспағанда қолданылады.

4. Осы Конвенцияның қолдану аясын шектеген Ұйымның әрбір Мүшесі аталмыш баптың ережелеріне сәйкес:

а) Халықаралық Еңбек Ұйымы Жарғысының 22-бабына сәйкес берілетін өзінің баяндамаларында жеткіншектердің және балалардың осы Конвенцияның қолданылу аясынан алынып тасталған қызмет салаларындағы жал бойынша жұмыстарға не басқа да жұмыстарға алынуына қатысты жалпы ережелер туралы және осы Конвенцияның ережелерін кеңірек қолдану жолында жүзеге асырылған қандай да болмасын прогресс жөнінде хабарлайды;

б) кез-келген, уақытта Конвенцияның қолдану аясын Халықаралық Еңбек Бюросының Бас Директорына жіберілген өтініші арқылы ресми түрде кеңейте алады.

6-бап

Осы Конвенция жалпы, кәсіби немесе техникалық білім беру мектептерінде немесе басқа білім беру орындарында балалар және жеткіншектер атқаратын жұмыстарға, немесе кемінде он төрт жастағы азаматтар кәсіпорындарда атқаратын жұмыстарға, егер сондай жұмыс құзыретті өкімет органдары кәсіпкерлердің және еңбекшілердің тиісті ұйымдарымен кеңескеннен кейін, ондайлар бар болса, белгілеген шарттарына сәйкес орындалатын болса, қолданылмайды, және мыналардың ажырамас бөлігі болып табылады:

а) негізгі жауапкершілігін мектеп немесе кәсіби даярлау мекемесі көтеретін білім беру немесе даярлау курсының;

б) құзыретті өкімет органдарымен мақұлданған негізінен не толығынан кәсіпорындарда жүзеге асырылатын кәсіби даярлау бағдарламаның;

с) кәсіпті таңдауға немесе кәсіби даярлау түрін жеңілдетуге бағытталған кәсіби бағдар бағдарламасының.

7-бап

1. Ұлттық заңнамалармен немесе ережелермен жал бойынша жұмысқа немесе басқа жұмысқа он үш жастан он беске жасқа дейінгі тұлғалар:

а) олардың денсаулығы немесе дамуына зиянды болып көрінбейтін; және

б) мектепке баруына, өкіметтің құзыретті органдары бекіткен кәсіби бағдарлау немесе даярлау бағдарламаларына немесе олардың алған білімін пайдалану қабілеттеріне зиян келтірмейтін жеңіл жұмыстарға алынулары мүмкін.

2. Ұлттық заңнамалармен немесе ережелермен жал бойынша жұмысқа немесе басқа жұмысқа кемінде он бес жастағы, бірақ міндетті мектеп білімін әлі алып болмаған тұлғалар осы баптың 1-тармағының а) және б) тармақшаларының талаптарын орындаған жағдайда жіберілуі мүмкін.

3. Құзыретті өкімет органы жал бойынша жұмысқа немесе басқа жұмысқа осы баптың 1 және 2-тармақтарына сәйкес қабылдауға болатын қызмет салаларын айқындайды және жұмыс күнінің ұзақтығы мен осындай жал бойынша жұмыс немесе басқа жұмыс орындауға мүмкіндік беретін жағдайларды белгілейді.

4. Осы баптың 1 және 2-тармақтарына қарамастан, 2-баптың 4-тармағының ережелерін қолданатын Ұйымның Мүшесі өзіне қажетті мерзімге 1-тармақтағы он екі және он төрт жасты он үш және он бес жасқа, ал осы баптың 2-тармағындағы - он төрт жасты он бес жасқа ауыстыруына болады.

8-бап

1. Құзыретті өкімет органы кәсіпкерлердің және еңбекшілердің тиісті ұйымдарымен кеңескеннен кейін, ондайлар бар болса, рұқсат қағазын беру арқылы осы Конвенцияның 2-бабында көзделген жал бойынша жұмысқа немесе басқа жұмысқа қабылдауға тыйым салынғаннан ерекше жеке жағдайларда, өнер көрсету сияқты мақсаттарға рұқсат ете алады.

2. Осылайша берілген рұқсат қағаздары жұмыс күнінің ұзақтығын шектейді және жал бойынша жұмысты немесе басқа жұмысты орындауға мүмкіндік беретін шарттарды белгілейді.

9-бап

1. Құзыретті өкімет органдары барлық қажетті шараларды, соның ішінде осы Конвенцияның ережелерін тиімді жүзеге асуын қамтамасыз ету үшін тиісті жазалау шараларын қабылдайды.

2. Ұлттық заңнамалар немесе ережелер, немесе құзыретті өкімет органдары Конвенцияның орындалуын қамтамасыз ететін ережелерді сақтау үшін жауапты адамдарды белгілейді.

3. Ұлттық заңнамалар немесе ережелер немесе құзыретті өкімет органдары кәсіпкер жүргізуге және беруге тиісті тізілімдерді не басқа құжаттарды белгілейді; ондай тізілімдер немесе құжаттар кәсіпкер жалдаған немесе соған жұмыс істейтін жасы он сегізден төмен адамдардың, мүмкін болса лайықты түрде куәландырылған, тегін және жасын немесе туу күнін көрсетеді.

10-бап

1. Осы бапта көзделген шарттар бойынша осы Конвенция Өнеркәсіптегі ең төменгі жас туралы 1919 жылғы конвенцияны, Теңіздегі жұмыстар үшін ең төменгі жас туралы 1920 жылғы конвенцияны, Ауыл шаруашылығындағы ең төменгі жас туралы 1921 жылғы конвенцияны, Флоттағы көмір тиеушілер және кочегарлар үшін ең төменгі жас туралы 1921 жылғы конвенцияны, Өнеркәсіптік емес жұмыстардағы ең төменгі жас туралы 1932 жылғы конвенцияны, Теңіздегі жұмыстар үшін ең төменгі жас туралы 1936 жылғы конвенцияны (қайта қаралған), Өнеркәсіптегі ең төменгі жас туралы 1937 жылғы конвенцияны (қайта қаралған), Өнеркәсіптік емес жұмыстарға ең төменгі жас туралы 1937 жылғы конвенцияны (қайта қаралған), Балықшылардың ең төменгі жасы туралы 1959 жылғы конвенцияны және Жерасты жұмыстарына рұқсат етілетін ең төменгі жас туралы 1965 жылғы конвенцияны қайта қарайды.

2. Осы Конвенцияның күшіне енуі Жерасты жұмыстарына рұқсат етілетін ең төменгі жас туралы 1965 жылғы Конвенцияны бекіту үшін жабылып қалуына соқтырады.

3. Өнеркәсіптегі ең төменгі жас туралы 1919 жылғы конвенция, Теңіздегі жұмыстар үшін ең төменгі жас туралы 1920 жылғы конвенция, Ауыл шаруашылығындағы ең төменгі жас туралы 1921 жылғы конвенция және Флоттағы көмір тиеушілер және кочегарлар үшін ең төменгі жас туралы 1921 жылғы конвенция, егер осы Конвенциялардың тараптары осы Конвенцияны бекітіп не сол туралы Халықаралық Еңбек Бюросының Бас Директорына өтініш жасап осымен келіскенде, әрі қарай бекітілу үшін жабылады.

4. Осы Конвенцияның міндеттері мынадай жағдайларда қабылданады:

а) Өнеркәсіптегі ең төменгі жас туралы 1937 жылғы (қайта қаралған) конвенцияның тарапы болып табылатын Ұйым Мүшесімен; және осы Конвенцияның 2-бабына сәйкес он бестен төмен емес ең төменгі жас белгіленсе, онысы Өнеркәсіптегі ең төменгі жас туралы 1937 жылғы конвенция күшінің өз-өзінен дереу жойылуына әкеп соқтырады;

б) осы Конвенцияның тарапы болып табылатын Ұйым Мүшесімен Өнеркәсіптік емес жұмыстардағы ең төменгі жас туралы 1932 жылғы конвенцияда белгіленген өнеркәсіптік емес жұмыстарға қатысты болғанда, онысы Өнеркәсіптік емес жұмыстардағы ең төменгі жас туралы 1932 жылғы конвенция күшінің өз-өзінен дереу жойылуына әкеп соқтырады;

с) Өнеркәсіптік емес жұмыстардағы ең төменгі жас туралы (қайта қаралған) 1937 жылғы конвенцияда белгіленген өнеркәсіптік емес жұмыстарға қатысты болғанда осы Конвенцияның тарапы болып табылатын Ұйым Мүшесімен және егер осы Конвенцияның 2-бабына сәйкес он бестен төмен емес жас белгіленгенде, онысы Өнеркәсіптік емес ең төменгі жас туралы (қайта қаралған) 1937 жылғы конвенция күшінің өз-өзінен дереу жойылуына әкеп соқтырады;

д) Теңіздегі жұмыстардағы ең төменгі жас туралы 1936 жылғы конвенцияның тарапы болып табылатын Ұйым Мүшесімен теңіздегі жұмыстарға қатысты және егер

осы Конвенцияның 2-бабына сәйкес ең төменгі жас он бестен төмен болмай белгіленсе немесе Ұйым Мүшесі осы Конвенцияның 3-бабы теңіздегі жұмыстарға қатысты қолданылатынын нақтылайтын болса, онысы Теңіздегі жұмыстар үшін ең төменгі жас туралы (қайта қаралған) 1936 жылғы конвенция күшінің өз-өзінен дереу жойылуына ә к е п с о қ т ы р а д ы ;

е) Теңіздегі балық аулау кәсібіне қатысты балықшылардың ең төменгі жасы туралы (қайта қаралған) 1959 жылғы конвенцияның тарапы болып табылатын Ұйым Мүшесімен, және де осы Конвенцияның 2-бабына сәйкес он бестен төмен болмай ең төменгі жас белгіленсе не Ұйым Мүшесі осы Конвенцияның 3-бабы теңізде балық аулау кәсібіне қатысты қолданылатынын нақтылайтын болса, онысы Балықшылардың ең төменгі жасы туралы 1959 жылғы конвенция күшінің өз-өзінен дереу жойылуына ә к е п с о қ т ы р а д ы ;

ф) Жер асты жұмыстарына рұқсат етілетін ең төменгі жас туралы конвенцияның тарапы болып табылатын Ұйым Мүшесімен, және де осы Конвенцияның 2-бабына сәйкес жоғары аталған 1965 жылғы Конвенцияға сәйкес белгіленген ең төменгі жастан төмен болмай ең төменгі жас белгіленсе, не Ұйым Мүшесі осы Конвенцияның күшіне қарай шахтадағы жерасты жұмыстарына рұқсат етілу бойынша қолданылатынын нақтылайтын болса, онысы Жерасты жұмыстарына рұқсат етілетін ең төменгі жас туралы 1965 жылғы конвенция күшінің өз-өзінен дереу жойылуына әкеп соқтырады.

5. Осы Конвенцияның қабылдануы, егер осы Конвенция күшіне енсе және енген к е з д е :

а) осы Конвенцияның 12-бабына сәйкес 1919 жылғы өнеркәсіптегі ең төменгі жас туралы Конвенцияның күшін жоюға соқтырады;

б) ауыл шаруашылыққа қатысты осы Конвенцияның 9-бабына сәйкес 1921 жылғы ауыл шаруашылықтағы ең төменгі жас туралы Конвенцияның күшін жоюға соқтырады;

с) теңіздегі жұмыстарға қатысты осы Конвенцияның 10-бабына сәйкес 1920 жылғы теңіздегі жұмыстар үшін ең төменгі жас туралы Конвенция күшінің жойылуына және осы Конвенцияның 12-бабына сәйкес флоттағы көмір тиеушілердің және кочегарлардың ең төменгі жасы туралы Конвенцияның күшін жоюға соқтырады.

11-бап

Осы Конвенцияны бекіту туралы ресми құжаттар тіркеу үшін Халықаралық Еңбек Бюросының Бас Директорына жіберіледі.

12-бап

1. Осы Конвенция бекіту туралы құжаттарын Бас Директор тіркеген Халықаралық Еңбек Ұйымының Мүшелерін ғана байланыстырады.

2. Ол Ұйымның екі Мүшесінің бекіту туралы құжаттарын Бас Директор тіркегеннен

кейін он екі ай өткен соң күшіне енеді.

3. Соңынан бұл Конвенция Ұйымның әрбір Мүшесіне қатысты өзінің бекіту туралы құжатын тіркелген күннен кейін он екі ай өткен соң күшіне енеді.

13-бап

1. Ұйымның осы Конвенцияны бекітуші кез келген Мүшесі ол алғаш күшіне енгізілген сәтінен он жыл мерзім өткен соң оны Халықаралық Еңбек Бюросының Бас Директорына жіберілген және онда тіркелген күшін жою туралы акті арқылы күшін жоя алады. Күшін жою осы күшін жою туралы актіні тіркелгеннен кейін бір жылдан соң күшіне енеді.

2. Ұйымның осы Конвенцияны бекітуші кез келген Мүшесі жоғары тармақта айтылған он жыл кезең өткеннен кейін бір жыл мерзім ішінде күшін жою туралы осы бапта көзделген өзінің құқығын пайдаланбаса, келесі он жыл мерзімде байланысты болады және соңынан әрбір он жылдық біткен сайын осы Конвенцияның күшін осы бапта белгіленген тәртіппен жоя алады.

14-бап

1. Халықаралық Еңбек Бюросының Бас Директоры Халықаралық Еңбек Ұйымының барлық Мүшелеріне бекіту туралы барлық құжаттардың және Ұйым Мүшелерінен өзі алған күшін жою туралы актілердің тіркелгені туралы хабарлайды.

2. Бас Директор бекіту туралы өзі алған екінші құжаттың тіркелгені туралы Ұйым Мүшесіне хабарлай отырып, олардың назарын осы Конвенцияның күшіне енген күніне аударады.

15-бап

Халықаралық Еңбек Бюросының Бас Директоры бекіту туралы барлық құжаттарға және алдыңғы баптардың ережелеріне сәйкес өзі тіркеген күшін жою туралы актілерге қатысты толық мәліметтерді Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының 102-бабына сәйкес тіркеу үшін Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Хатшысына жібереді.

16-бап

Халықаралық Еңбек Бюросының Әкімшілік Кеңесі қажет деп тапқан әрбір ретте Бас Конференцияға осы Конвенцияны қолдану туралы баяндаманы ұсынады және Конференцияның күн тәртібіне оны толық не ішінара қайта қарау туралы мәселені енгізу қажеттігін шешеді.

17-бап

1. Егер Конференция осы Конвенцияны толық не ішінара қайта қарайтын жаңа конвенцияны қабылдаған жағдайда және жаңа конвенцияда керісінше көзделмеген б о л с а , о н д а :

а) Ұйымның қайсыбір Мүшесінің жаңа, қайта қараушы конвенцияны бекітуі, жаңа қайта қараушы конвенция күшіне енгізілген жағдайда, 13-баптың ережелеріне қарамастан осы Конвенция күшінің жедел түрде өзінен өзі жойылуына әкеп соқтырады;

б) жаңа, қайта қараушы конвенция күшіне енгізілген күннен бастап осы Конвенция оны Ұйым Мүшелерінің бекітуі үшін жабық болады.

2. Осы Конвенция оны бекіткен, бірақ жаңа, қайта қараушы конвенцияны бекітпеген Ұйым Мүшелері үшін нысаны мен мазмұны жағынан өз күшінде қалады.

18-бап

Осы Конвенцияның ағылшынша және французша мәтіндерінің күші бірдей.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК